

2009
K5-6

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№5-6(121-122)

2009



оны микроәтінмен бірдей дәрежеде алып қарауға болмайды. Себебі, белгілі бір көркем шығармада бір микроәтін екі немесе одан да көп абзацтардан құралуы мүмкін. Бұл жағдайда абзац микроәтіннің бөлшегі ретінде танылады. Ал кейде абзац пен микроәтін өлшемі бірдей дәрежеде болып келеді. Үшінші бір жағдайда абзац қатарлас микроәтіндерді бір-бірімен байланыстырып, олардағы мағына желісін сабақтастыру қызметін атқарады. Бұл – абзацтың микроәтіннен де үлкен бірлік ретінде қарастырылуы.

Абзац – күрделі категория. Оның күрделілігі мәтін құрылымында атқаратын сан алуан қызметінен көрінеді. Осының бәрі мәтіннің күрделі лингвистикалық нысан екеніндігіне дәлел бола алады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтар мен абзацтар мәтіннің құрылымдық бірлігі ретінде мәтін түзуде маңызды рөл атқарады. Алайда мәтіннің мазмұны оны құрайтын күрделі синтаксистік тұтастықтардың немесе абзацтардың жай ғана қосындысынан тұрмайды. Мәтін – лингвистикалық тұрғыдан сипатталуы өте қиын, күрделі нысан. Мәтіннің мазмұны тек қана оны құрайтын тілдік бірліктер ғана емес, солармен қатар түрлі экстралингвистикалық факторлармен де байланысты болады. Мәтіннің негізгі сипаттарының бірі – мағыналық тұтастығы. Мәтінді тұтастай алғанда бір ғана мазмұнға ие, өзара логикалық және грамматикалық байланыстағы әр түрлі тілдік бірліктерден құралған көп деңгейлі құрылым деп тануға болады. Мәтіннің құрылуы мен қабылдануы автор мен тыңдаушының мәтінді әрқайсысының өзінше тұжырымдап, түсіндіруімен де байланысты.

Мәтін белгілі бір мақсатты көздейтін,

белгілі бір адресатқа арналған ақпараттан тұрады. Мәтін тіл жүйесі ішінен синтаксистің ең жоғарғы бірлігі ретінде орын алады және мағыналық, коммуникативті, номинативті, структуралы сипаттарымен түсіндіріледі.

Мәтін жеке-жеке ой білдірулерден тұрады, олар фразадан тыс бірліктерге біріктіріледі. Мәтіннің қалыптасқан формасы, қабылдап, түсінуге лайықталған тілдік құрылымы болады, яғни мәтінді құрайтын немесе түзетін кез келген элемент қалай болса, солай орналаспайды. Олардың арасында белгілі бір байланыс болады. Мәтін түзуші элементтердің әрқайсысы мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етуде арнаулы қызмет атқарады. Тіл білімінде бұрыннан бар дәстүрлі құрылымдық зерттеулерде аңғарыла бермейтін кейбір тілдік құбылыстардың қызметі мен ерекшеліктері тілдің мәтін түзушілік қызметін зерттеуде айқындала түседі.

Сондықтан мәтіннің құрылымы мен мәтін түзуші мағыналық-құрылымдық бірліктер, олардың өзара байласым ерекшеліктері мәтін лингвистикасының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері болып отыр.

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Москва, 1981.
2. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. Алматы, 2006.
3. Салқынбай А. Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы, 1994.
4. Тіл білімінің энциклопедиясы. Алматы, 1998.
5. Қайшығұлова Ж. Қазақ мәтінінің күрделі фразалық тұтастық// абзац деңгейінде мүшеленуі. Фил. ғыл. канд. дисс.: Алматы, 2001.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Қызылорда, 1925.
7. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1964.
8. О.Бүркітов Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Фил. ғыл. док. дисс. авторефераты. Алматы, 2002.

Г. Е. Имашева

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНІ

Ұлттың рухани дүниетанымын, салт-санасын, ұлттық мінезін өн бойына жиып, сан ғасырлар өтсе де санадан өшпейтін ұлт тіліндегі асыл қазыналардың бірі – фразеологизмдер.

«Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол – жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер – се-

мантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып тану ерекше орын алады» [1,95б.].

М.Дулатұлы шығармаларында өзі өмір сүрген қоғамдағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, елдің саяси өміріндегі өзгерістер, ұлт бойындағы жағымсыз мінездер, ескі әдеп-ғұрыпты сынға алып отырады. Ұлтқа тән руханилықты болмыс-бітіміне жиған қаламгер тілдегі фразеологизмдерді өз мақсат-мүддесіне орай қолданып отырады.

«Фразеологизмдерді орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі» [2, 594 б.].

Қаламгерді толғанып, қаламға жүгіндірген халқының надандығы, жайбасарлығы, ұлтының өзге жұрттан жәбір көрген халі, оның қаналуы, тоналуы еді. Осындай елдегі жағдай туралы ойын айтып жеткізу үшін халықтың тілінде жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін тиімді пайдалана біледі. Яғни публицист өз заманындағы халқының таным-түсінігін, қабылдау, білім деңгейін ескеріп отырған. Мысалы: Әрбір ақыл иесі адам *қара қазан, сары баланың қамын* ойламай, бұрынғыдай пайдасыз дүрмекпен кете берсе, Құдай алдында мойындарынан үлкен борышты түспей, кейінгі нәсілінен де қарғыс алуында шибһе жоқ (ІІт., 40б.). Оқығандарымыз бар – *қалтасы тесік*, байларымыз бар – *төбесі тесік* (ІІт., 41б.). Қазақ баласы енді оянбасаң, мәңгіге шейін ұйқың ашылмай, қараңғыда, құлдықта, *тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің* (ІІт.,291б.). ...жаңа байыған бір Құрманның болғанынан, алашқа сөйлескенде *намыс жібермейтін, елдің белін сындырмайтын* Нұрпейіс артық емес пе?... (Іт.,208б.). Сот түзелуге бет алса, істі таза тексеріп, «*ұзын арқан,кең тұсауға*» салмаса, биліктің бекуі де, бұзылуы да артық ұзаққа созылмауға тиіс (ІІІт.,168б.). «Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. «*Балапан – басына, тұрымтай – тұсына*». Жұрттың бәрі бас амалдап кетпей ме? *Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен* қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бейшара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? (ІІІт., 211б.). І.Кеңесбаевтың фразеологиялық еңбегінде келтірілген тұрақты тіркестерге мынадай түсініктеме беріледі: *Қара қазан, сары баланың қамы* – бала-

шаға, өмірі өксімеуін, отбасы аманлығын қорғаштау; *қалтасы тесік* – байлық, дүниені құтаймайды; *төбесі тесік* – өзге тілді түсініп қалатындай хабары бар (бұл жерде әр нәрсені хабары бар деген мағынада айтылып тұр); *тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің* – кім болса сол алып кетті, кез келген жем етті, талады; *балапан – басына, тұрымтай – тұсына* – әркім өзінше, өз жөнімен; *ұзын арқан, кең тұсауға* – арқасын кенге салу, жайбаракатқа түсу; *жеңілдің астымен, ауырдың үстімен* – істің оңайына жүгіру, ауыр бейнетсіз жанға жайлы жағына ұмтылу [2,576.].

Мысалдағы *қара қазан* заттық мәдениеттімізді білдіретін лингвомәдени бірлікке тоқтасак. Заттық мәдени лексика негізінде тоқтатасқан тұрақты тіркестерге (сауға сұрау, сабағына түсу, киіт кигізу т.б.) ғалым Ж.Манкеев тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдау жасайды: «Уақыт ұзаған сайын еркін тіркестердің құрамындағы сөздер мағына жағынан берік табиғи бірлігі нығая келіп, тұтас бір мағына қалыптастырған. Оларды құрайтын компоненттердің тілімізде жеке қолданылу жиілігі азайып, ылғи бейнелеу мағынасында айтылуы оны белгілі бір тіркес шеңберімен шектеп, ауыспалы мағынасын дамытады да, тура мағынасын көмескілендіреді. Сондықтан тарихи-салыстырмалы зерттеу барысында фразеологизмдерді бұрыннан бар сөздерді семантикалық өзгерту (трансформация) жолымен жасалған екінші дәрежелі номинация нәтижесі деп анықтауға болады», – дейді [3,176 б.].

Қара қазан – қазақ ұғымында отбасындағы тоқшылық пен берекенің белгісі. М.Дулатұлы өз отбасының қамын ойламаған адамнан ұлт болашағын ойлау әсте шықпайтынын халық санасынан орын алған *қара қазан, сары баланың қамы* тұрақты тіркесі арқылы береді.

Міржәкып тіліндегі фразеологизмдердің жазушының таным әлеміндегі ұлттық рухани мәдениет, ұлттық мінез-құлық, ұлттық психологияны танытуда өзіндік орны бар. Мысалы, «*Ат жалын тартып мінгелі* мұндай кемшілікті көріп пе едім. Атам Сандыбайдан бері *маңдайыма дақ тимей* келе жатыр еді. *Ауыз алты қарыс* Толысбайды да үш жыл алысып жүріп шоңқитып едім. Енді Жарасбайдың бұзылған қызының турасында *аяғыма қан түсіп тұр*» (Іт.,260б.).

М.Дулатұлы шығармаларында өмір, адам қоғам, тіршілік тарихын, уақиғаларын, мәселелерін уақыт, кеңістік өлшемінде көлемді тұр кестелі тілде бейнелеп, тереңдей қозғаған. Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қа-

тысты жағдайларды баян еткенде фразеологизмдерді ұтымды қолданады. Мысалы: Бұл күнде қазақ халқын ноғай саудагерлерінің *жем қылуы* орасан: саудагерлер тауарын қазаққа сатқанда, өз бағасынан неше есе артық пайда алуының үстіне көбінесе нашар тауар сатады; Қазақтың тоқыған шекпені, басқұры, басқан киізі, текеметі, бәрі де ел ішінде *сынаптай сырғанат* жүрген ноғай саудагерінің қолына ілігеді (Шт.,184б.). Бұл іс туралы Петерборға шабудан пайда жоқ, онда барып сөз тыңдату қиын. «*Бүлінгеннен бүлдіргі алма*» деген, ел басына мұндай ауыр іс түскенде, кімде-кім жырым жегендік қылмау керек, өз пайдасын қою керек (Шт.,277б.); 25 июнь жарлығын бетке ұстап, дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялықты қолға алып, өтірік шағым айтып, бірін-бірі жаптыру, шаптыру, тінттіру әр елде, әр жерде болды. Мұны істеушілер қарапайым адамдар емес, «бас» адамдарымыздың болуы қазақ халқының жаман жағын көрсеткендей, *сүйегімізден кетпес қара таңба* болды (Шт.,290б.). Мұны көріп тұрған жігіттер елден көңілдері қайтып, «*біз бір шіріген жұмыртқа*» деп жетімсіреп мұңайды, кісі аярлық болды. «*Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер*», бұл кеткен жігіттер де аман-есен қайтар-ау, сонда беттеріңе түкірер (Шт.,283б.). *Кісі қолымен от көсеу*, кедейді қайдағы қиын-қыстауға айдап салып, өздері *тілдің майын тамызып*, қамқоршылық айтқан болып отырып, үйінде бұғып қалып қала беру – біздің «ел ағасы» атанған атқа мінген мырзалардың *сүйегіне сіңген* ескі әдеті (Шт.,37б.); Ел ішінде *қой аузынан шөп алмайтын момындар* да жоқ емес; елдің дені, жалпы бұқара – сондай момын, ешкімнің ештемесін тартып та алмайды, алдап та алмайды. «Дін һәм ғылым» мақаласында: Күлбілтелеу біздің салтымызға жат, сондықтан жылата айтып отырмыз, «*қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің*» дегендей, бұ мәселе туралы талай қызықтарды жазармыз (Шт.,82б.); «Қазақ тілінің мұңы» мақаласында: Төңкеріс болды. Қазақтың *көзі ашылды*. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де *күнім туды* ғой деп қуанушы едім. Жаны *жәндем кеткір* миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың *қолжаулығы* болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. *Төбем көкке төрт елі жетпеді*. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...(Шт.,197б.). Аяқасты болып қазақ қалды ғой, Құр әшейін рухы қалып, қан кетіп. Шаһбазлар басшы болып милләтке, *Аяғына қан түсті* ғой, мән кетіп (Іт.,51б.).

Келтірілген мысалдардағы тұрақты сөз тіркестерінің мағыналары мынадай: *жем қылу* – алдау, еңбегін пайдалану (табиғатында момын, аңқау қазақ көрінгеннің жеміне айналды); *сүйегімізден кетпес қара таңба* – тұтас бір әулеттің, тұтас бір ата ұрпақтың арына дақ түсуі (бұл жерде қаламгер бүкіл қазақ ұлтының арнамысын айтып отыр); *сынаптай сырғанат* – «жылпос, қу» мағынасында жұмсалып тұр; *бүлінгеннен бүлдіргі алма* – жанжалды жерге баспа, еш нәрсе алма; сойқаннан қашық жүру; *қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер* – қандай қиын-қыстау жағдай болса да; *қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің* – істің мұнан да зорын көрерсің; *төбем көкке төрт елі жетпеді* – қуану; *аяғына қан түсті* – қиналу; алға қадам баса алмау мағынасында қолданған. Соңғы тіркесте қаламгер қазақтың зиялы азаматтарының жанкештілігін көрсетіп отыр.

Ұлттық дүниетанымда қалыптасқан қазақ ғаламдық тілдік бейнесінде ерекше мәнге ие діни ұғымдар М.Дулатұлы тілдік тұлғасында көрініс тауып, шығармалар тілінде «*тәуекел, Алла басқа салған соң, не де болса көтердім; құданың құдіреті; Құдайға тапсырды; Алла тағала қайырлы сапарын беріп; ғаламды он сегіз мың жаратқан хақ; Алла тағала менің маңдайымды ашады; әулиеге ат қойды, қорасанға қой айтты; Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен* секілді діни наным-сенімдерді білдіретін фразеологизмдер арқылы беріледі. Мысалы: «1916 жылдың оқиғасы өзгеше болды...Ел арасына қырық күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. *Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты*. Сауысқан, қарға тойынды» (Шт.,289б.). «Ел билеген», бір-екі ауыз орысша былдырлап оттай білген атқа мінгендердің алды полковник, арты хорунжи шенін алды, омыраулары медальға толды. Надан халықтың көзінде «*Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын*» болды; *Алла тағала ақиретте қосылуға несіп тілесін*, сол уақытта ғана көрген қасіретім бір сағаттай болмай ұмытылар; *Алла тағала менің маңдайымды ашайын* десе, Ғалиды мұндай қылмас еді, – деп қасіреттеніп, мұңлы дауыспен жауап берді» (Іт.,236б.). Осындағы *әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты* фразеологизмі халық ұғымындағы діни түсініктен туған лингвомәдени бірлік. Қазақтар қасиетті әулиелердің рухына сиынып, құрбандыққа мал шалған. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов былай дейді: «Қазақтар аруақтарға бағыштап төрт түліктің қайсысын болсын құрбандыққа

шала береді. Мінажат етіп, аруақтардың басына (моласына) барып түнейді, сол жерде құрбандық шалады, өзінің қолы жетпей жүрген көкейтесті арманын өтеуді тілейді, мысалы, бала жоқтар бала сұрайды» [4,174б.]. «Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын» тіркесі ислам дінімен байланысты айтылса керек.

Сонымен қатар салт-дәстүрге, әдеп-ғұрыпқа (бата, қарғыс) қатысты фразеологизмдер прозалық шығармаларында жиі ұшырасады. Мысалы, «Байжан өзі тәуір болған соң, қол жетіп тұрған заманда бір бай жерден Жұманға жақсы қыз айттыруға ойы бар еді. Байжан мен Сәрсенбайдың арасындағы уағдалары болып, енді бір айда Жұман күйеу ұрын келіп, қалыңдық ойнайды; Қалың мал хақында дау болса, волостной съезге салынсын; батасы қырық жетінің малы болып; Сәрсенбай әркімге жомарттанып ат майын бере бастап, сойысы басталды; аталмыш қозы бата қылынып сойылды; аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты; бәлемнің шаңырағына қобыз тартайын; аты өшіп, тумай кеткір, Жұман деген! Атанып бай баласы қара басқыр; қалыңмалды шығарған қандай көріңде өкіргір екен!; Жаны жәндем кеткір миссионерлер, молдалар; батасыз кеткірлер, баталарың бұзылмақ түгілі тас-талқан болсын» (Іт.,260б.).

«Жазушылар фразеологизмдерді әртүрлі жолдармен жұмсап, өз керектеріне жаратады. Соның бір жолы - тілімізде бар фразеологизмдерді авторлық өңдеумен өзгертіп қолдану. Оларды бұлай қолдануда арнайы мақсат болады. Осындай жолдармен әр жазушы тұрақты сөз тіркестерін жасап, фразеологиялық қорды дамытуға да ат салысады» [5,199б.]. М.Дулатұлы шығармаларында осындай жолмен жасалған фразеологизмдерді байқауға болады. Мысалы, бір сырлы, сегіз қырлы; тайғақ кешу, тар жолда тұрмыз –ішкі инверсияға ұшыраған, сүйегін сындыру (сүйегіне таңба салу); ет бауыр – емшектесіміз (ет бауыр жақын); жігері сөніп (жігері жасып); талабын тот басып (талабы жер болды); күйсіз көңіл жүрмейді (күйсіз көлік); Сүлік болып шаққан соң (сүліктей сорып) окказиональді қолданыстағы фразеологиялық тіркестер кездеседі.

Жазушы дискурсында кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер, етегіне намаз оқыған мешандар, оразды жұрт, тәуекелдің кемесі,

шамшырақ сөнген заманда, көктем ізбеген жерден табылып, сырты бүтін, іші түтін, баяу байлау, отыз тістен шыққан сөз, көз болу, табалдырығын тоздыру секілді фразеологизмдер жалпыхалықтық элементтер болып табылады.

Мысалы, «Заман талас-тартысқа айналды, Қара күнін қайғырмай камсыз жатқан қазан болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында» (Іт,130б.); Заман бәрі де қазақ халқы орыс патшаларына бағынғаннан кейін, сайлау шығып, бұрынғы кеменгер биік бірте-бірте жойылып, олардың орнына биік бұған өгіздей, тобан аяқ топыршылар биік болды (Іт.,45б.). Үйіне ат-тонымен барып түсіп, Ризалық айтысар, тағам жесіп. Мысалы, тоқылдақтың тәубесіндей. Кетеді бір жылдан соң ұмытысып (Іт.,38б.); Халық ағартушы мекемелердің қазақтың шиеттей балаларына қаншалық «ұзыннан өші, қысқадан кегі» бар еді? (Іт.,42б.); От басында күл сабап отырып, жұрт газета шығарған кісі ақша жию үшін шығарады-ау дейді. Кітап бастырудың, газет-журнал шығарудың талай бейнеті барын қайдан білсін» (Іт.,211б.). Қаламгер қазақ оқырмандарының сана-сезімін ояту мақсатында ұлттық тілдің халық түсінігіндегі, танымындағы, ой-түйсігіндегі қайнар көздерін пайдаланады. Тіске жұмсақ, жуан жұдырықтар, жүгенсіз етіп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ, ерқашты қылу фразеологизмдері замана халін білдіруде шебер қолданылған лингвомәдени бірліктер.

Қорыта айтқанда, Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы халық менталдығынан хабардар етер фразеологизмдердің лингвомәдени танымдық мәні зор. Өйткені фразеологизмдер – ұлттық мәдени құндылықтарды, ұлттық психологияны, ұлтқа тән болмысты бойына сіңірген лингвомәдени бірліктер.

1. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 95 б.
2. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711б.
3. Манкеева Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы. Док.дисс.автореф. 1997. – 53 б.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 558 б.
5. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда, 2000. – 342 б.
6. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. I-III т., Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.